

Ushqyr oıla! Bıikke samǵa! Álemdi sharla!

# Farabı shákirti

№12
ЖЕЛТОҚСАН
2024

@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



Автор: Грета АЛЫМКУЛОВА
Facebook: «Наш дивный мир»



**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы, Қазақстан Республикасының Президенті:**

# Қазақстан – дарынды жастар мекені

«Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз».

Халқымыздың «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген ұлағатты сөзінен білімнің баға жетпес үлкен рухани қару екенін, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіргіш күш екенін білуіміз тиіс. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық рухани күш-қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені білім – тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күретамыры, ел дамуының алтын қаруы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. Жалпы жастарды қолдау жағынан мемлекет тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылуда».

**Дереккөзі: z-taraz.kz; сурет: kaz.inform.kz**


**Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал**

**№12 (64) желтоқсан 2024**

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)**

Шығарушы және меншік иесі
**«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
**Тамила ИБРАГИМОВА**
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
**ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839 Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shákirti» редакциясында қапталды.



Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

**Ғабит МҮСІРЕПОВ,**
**халық жазушысы**

# Еліміздің ұйтқысы — әдет-ғұрпымыз



*Екі дүниеде жырласақ Ана ерлігін, Ананың өжеттігін жырлайық та!

*Жас балалар есейіп жеткенше, үлкендердің не істегендеріне жете түсінбей де еліктей береді...

*Менің іздейін байлығым малда емес, адамда болмақ...

*Әр елдің, әр халықтың есі кіріп, есейер кезі бар. Сол кезінде қай халық болса да өзінің елдік болашағын табан тірер тіршілік тиянақтарын ойланбай қойған емес...

*Қалам - хат білмейтін елде кейбір тіршілік заңдарын афоризмдермен есте қалдырған...

*Қай халықтың болса да өсер жолында қандай қабілеті тиянақты болса, сонысына сүйене отырып тәрбиелеу ұтымды болу керек.

*Адамның барлық ішкі дүниесінің портреті жүзінен көрініп тұрады...

*Сөйлесек... шындық, әділдік, дұрыстық, ақиқат дегендерді алға ұстай отырып сөйлейік...

*Қай жерде болсын халықтың мұң-мұқтажына құлақ аспаған адам ол азамат емес. Ол халқының бірінші жауы!

*Сыртынан қанша балағаттасаң да, кездесіп қалғанда мысы жеңе беретін адамдар болады.

*Үлкен адам кішірейген сайын үлкейе береді екен. Біз - сағат санап, күн санап өскен ел емес, замана таңбаларын санап өскен елміз...

*Еліміздің ұйтқысы - әдет-ғұрпымыз, оны шайқалтпауды ойлайтын кезіміз осы...

*Шала істеген іс жаман, шала піскен ас жаман...

*Халқымыздың өзін өзі басқаратын осы ұлы арманын орындап шығуға өз өміріміз жетпесе, үрім-бұтаққа аманат етеміз!

*Сөзді қалай болса солай пайдалана берсең, сөздің жүзі мұқалып, ұшы майрылады, айтайын дегенің құлаққа қонбайды.

*Отырған орныңнан ұшырып тұрғызатын сезім - поэзия, күй поэзиясы, ән биігі, поэзия биігі.

*Судың тазалығын үйретейік, желдің еркелігін үйретейік, ағаштардың жайқалуын үйретейік, күннің жылылығын үйретейік, Ата-ананың достығын үйретейік... Балаларымызды әуелі ата-ананың мейіріміне, махаббатына бөлейік!

*Ойланбай істеген қызмет өкініш тудырады...

*Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру ойындары оқу-білім алуға бөгет емес, қайта бойды сергітіп, ойына жәрдем ететін нәрсе.

**Дереккөзі:Bilim-all.kz**

# Президент Ынтымақ ауылындағы №30 орта мектепті аралап көрді





Қасым-Жомарт Тоқаев Талдықорған қаласының іргесіндегі Ынтымақ ауылында биыл пайдалануға берілген №30 мектепті аралап көрді.

1200 оқушыға есептелген білім ошағының құрылысы жергілікті бюджеттің және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының есебінен қаржыландырылған.

Заманауи үлгіде жабдықталған мектепте 77 оқу кабинеті, мультимедиа сыныптары, спорт, гимнастика, мәжіліс пен кітапхана залдары, ағаш, металл және тігін шеберханалары бар.

Президент жаңа оқу ордасын аралап көріп, оқушылармен әңгімелесті. Мемлекет басшысы мектепке автобус сыйға тартты.

Жалпы, биыл Жетісу облысында 3 жаңа мектеп ашылған. Оның ішінде екеуі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынды. Атап айтқанда, Панфилов ауданының Жаркент қаласында 1200 орындық, Көксу ауданының Қаратал ауылында шағын жинақты мектеп пайдалануға берілді. Қазіргі кезде облыс бойынша 5 білім ошағының құрылысы жүргізіліп жатыр.

**2024 жылғы 12 желтоқсан**
**Жетісу облысы, Талдықорған қаласы**

**Akorda.kz**





# ПРЕЗИДЕНТ ӘКЕСІ КЕМЕЛ ТОҚАЕВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ БАРДЫ

**Бұдан кейін Мемлекет басшысы Үштөбе қаласында орналасқан Кемел Тоқаев атындағы орта мектепке барды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа мектеп директоры Ләззат Испанова оқушылардың жетістіктері туралы айтып, жазушы мұражайымен таныстырды.**

1997 жылы құрылған музейге каламгердің тұтынған заттары, фотосуреттері, құжаттары мен кітаптары қойылған. Президентке жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған зияткерлік ойын және повестерінің желісі бойынша шағын қойылым көрсетілді.

Мемлекет басшысына «Кемел Тоқаев атындағы қайырымдылық қоры» атқарған жұмыстар жөнінде баяндалды. Биыл Қордың құрылғанына 15 жыл толып отыр.

**Akorda.kz**









# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

**Қазақстан – зор тарихы бар ел, әлемдегі бәсекеге қабілетті елдер қатарына кіруге тырысатын үлкен мүмкіндіктер елі.**

**Қазақстан Республикасы - президенттік басқару формасындағы унитарлы мемлекет.**

**Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіз мемлекет атанды. Елордасы - Астана қаласы.**

**Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, сонымен бірге, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі мәртебесіне ие. Ақша бірлігі – теңге.**

**Қазақстанда биліктің үш тәуелсіз түрлері бар: атқарушы, заңнамалық және сот. Сондай-ақ, АХҚО Халықаралық соты қызмет етеді.**

**Атқарушы билікті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі орындайды.

**Заңнамалық билікті**

Сенат (жоғарғы палата) пен Мәжілістен (төменгі палата) құрылған парламент жүзеге асырады.

**Сот билігін**

Конституциялық сот және жергілікті соттар жүйесі орындайды.

Елдің әкімшілік-территориялық құрылымы 17 облыс пен 3 республикалық маңызы бар – Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан тұрады.



## Қазақстан Республикасының халқы

Қазақстан халқының саны 20 млн. адамнан асады. Қазақстан – 130-дан астам ұлт өкілдері тұратын көпұлтты зайырлы мемлекет.

Қоғамның этникалық құрылымы мынадай:

63.07%23.7%

- казақстар - 70,4%
- орыстар - 15,5%
- өзбектер - 3,2%
- украиндықтар - 2%
- ұйғырлар - 1,5%
- немістер - 1,2%
- татарлар - 1,1%
- өзгелер ұлт өкілдері - 5,1%.

# Әлем картасындағы Қазақстан




Қазақстан – Дүниежүзілік мұхитқа тікелей шығатын жолы жоқ әлемдегі ең ірі мемлекет. Территорияның басым бөлігін шөлдер – 44% мен жартылай шөлдер – 14% құрайды. Қазақстан аумағының 26%-ы дала мен 5%-ы ормандардан тұрады. Елде 8,5 мың өзендер бар. Қазақстанда 48 мың ірі және ұсақ көлдер бар. Олардың ішінде ең ірілері – Балхаш, Зайсан және Алакөл. Мұхиттан қашық орналасуы елдің шұғыл құрлықтық климатын құрайды.



Қазақстан бірегей минералды-шикізаттық қорға ие. Жалпы саны 5 мыңнан асатын Қазақстан кен орындарының болжамды құны ондаған триллион долларға бағаланады. Қазақстан әлемде мырыш, вольфрам және барит қорлары бойынша бірінші орында, екінші орында – күміс, қорғасын және хромит, үшінші орында – мыс пен флюорит, төртінші орында – молибден, алтыншы орында – алтын.

Сондай-ақ, Қазақстанда айтарлықтай мұнай-газ қорлары бар және елдің батыс өңірлерінде шоғырланған мұнай қорлары бойынша әлемде 9-шы орынға ие. Бұдан басқа, республика көмір қоры бойынша 8-ші және уран қоры бойынша 2-ші орында. Қазақстан бидай экспорттау бойынша жетекші әлем елдерінің ондығына кіреді.



Барлау, отын-энергетика, металлургия және химия өнеркәсібі өнімдері, сондай-ақ, бидай индустриясы басты экспорт тауарлары болып табылады. Республиканың басты сауда әріптестері – Ресей және ТМД басқа елдері, Қытай, Еуропа елдері.

# Павлодар мұнай-химия зауыты



Қазақстанда зымыран ұшыруға арналған әлемдегі бірінші және зор кешен – Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқан. Айлақ Қазақстанның оңтүстік бөлігінде орналасқан, территориясы 6717 кв.м өлшемді құрайды.Байқоңыр ғарыш айлағы 1957 жылы бірінші құрылыс жұмыстары мен Р-7 зымыранының бірінші ұшырылуы болған соң ашылды. 30 жыл бойы ғарыш айлағы кеңейе түсті: жаңа үлгідегі зымырандардың ұшу алаңдары, жинақтау цехтары, отын толтыру станциялары, зымырандарды басқару және бақылау кешендері және басқа инфрақұрылым салынды. «Гагариндік старт» деп аталатын №1 ұшу алаңы Байқоңыр ғарыш айлағының басты нысаны болып табылады.

Экономиканың барлық салаларының тұрақты өсімі, саяси тұрақтылық пен халықаралық тану қазақстандық қоғамның өркендеуінің негізі.

**"KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ**

# *Мен жалындап өтемін*

**Фариза ОҢҒАРСЫНОВА**
**Қазақстан Республикасының Халық жазушысының туғанына – 85 жыл**

## Ақ мамам

Еркелесем күлімдейтін,
Ұрысқаны білінбейтін.
Маңдайымнан иіскеп менің,
Құлыншағым күнім дейтін.
Ақ мамам, ақ мамам,
Құлыншағым күнім дейтін.
Әлемдегі ақылды адам,
Бәрінен сол жақын маған.
Ол жанымда жүрсе мен де,
Батырларша батылданам,
Жамандықтан сақтандырып,
Жақсы ісімді мақтан қылып,
Мәпелеген ақ мамамды,
Жүрсем деймін шаттандырып.

## Теңіз аласапыран

Теңіз аласапыран
тұра қашып, көктегі жасқанды бұлт,
күркірейді жағада тас жаңғырып.
Дауыл құшқан толқындар өршелене
шапшиды аспанды ұрып.
Толқындарда толас жоқ,
байсалдылық бұрынғы былай қалып
(әлдекімді, әлде өзін сынайды анық),
арыстандай тордағы аласұрып,
құлайды шыр айналып.
Шыдатпайды теңіздің бұл сынағы,
құлағыңды шулатып тылсым әні.
Қалтылдаған желқайық жел өтінде
толқынға тұншығады.
Тыныштықпен күн кешпей жай жылымда,
белді буып ағысқа, қайғы-мұңға,
ақ желкен боп барамын тағдырымның
дауылды айдынында!



## Мен жалындап өтемін

Мен жалындап өтемін
қариялардың қимайтын жас шағы болып,
балапандардың талпынар асқары болып,
ару қыздардың аңсаған арманы болып,
асқақ жандардың алаулы таңдары болып;
жиырмада жесір қалғанның аңсары болып,
сүйіскендерге көз ілер таңсәрі болып...
Мендегі арынды екпінге
дауыл көрмеген
бишара жандар жатсын бір тамсанып өліп.
Мен келемін өтсем деп армандарды асып,
алаулы жаным арайлы таңдарға ғашық.
Жаныма серік болуға жарай алмайды
жүйрік жылдарға ілеспей қалғандар жасып.



Мен талпынбаймын
топастықпенен күн көрер тыныш тұғырға,
арам ойлармен сақтаман қылышты қында.
Жырларымды оқып құлшынсын оты бар жандар
уақытпен бірге өлмейтін бір іс қылуға.
Жүрмесе болды адамдар
тұлғамды менің шатасып басқаға таңып,
жасықтар жүрсін, кездессе, жасқана қалып.
Несіне жүрем әйтпесе қара жерде мен
жиырмасыншы ғасырдың жас шағы атанып!..

# Жасампаз шақ, жастық шақ

Жасампаз шақ, жастық шақ!
Дүниенің бәрі мөп-мөлдір арманға тұнып,
көгілдір қиял,
тәтті оймен таңдарды атырып,
алапат асау өмірге жасқаншақтамай
қарайтын өктем от тұяқ тарланда тұрып.
Көкірегі толы әсем ән,
көрініп өмір айнымай мүлде көктемнен,
гүл теріп қайтар достармен күнде бөктерден.
Жаңылыс басқан сәттерің жүрегіңді өртеп,
дөңбекшуменен көз ілмей түндер өткерген.
Мазасыз көңіл,
жас дәурен,
жетелеп аппақ армандар жаһан жақтарға,
жасайсың қолдан өмірді қатал қапталда.
Бүріскен кәрі дүниені
жаныңның алау
отымен жылытып жүресің қаһарлы ақпанда.
Жалынды жастық алауым!
Ерліктер деген өзіңнен басталған анық,
алдыңда сенің бас иген асқарлар алып.
Қайсар даланың ұрпағы қанатын қаққан,
Жаңа заманның жалыны шашқанда жарық!
Зымырап жылдар зулайды:
тіршілік заңы жүйткуден қалғымас мүлде,
беттесең, өмір ұқсамайды қарлығаш, гүлге...
Бәрібір сенің өр тұлғаң сан жүректерде
лапылдап жанып тұрады мәңгі жас түрде!

# Қонған екен тағдырдың құсы маған

Қонған екен тағдырдың құсы маған,
енді қалай төбемнен ұшыра алам?
Бақытым ба, болмаса азабым ба,
біле алмадым, ал бірақ сұсы жаман.
Тағдырымның жыр атты сыйына мен
кезіктім де, жол тарттым қиырға кең.
Маңдайыма осылай жазылыпты
ғажап та қиын әлем:
отау - айдын, жасауым - жасыл кемем,
ойнайды айдын көгінде жасын-жебең.
Думандатқан жерлерде отырамын
көзде - мұң, басымда - өлең.
Көп адамға көктем де, қыс та арайлы,
ал мен үшін алтын да - мыс талайғы,
жай құбылыс секілді құшсам - Айды.
Бақытым да, әйтеуір, басқалардың
бағына ұқсамайды.
Елтімеймін дауылсыз таң ғұмырға,
түк еместей шыңың ба, шалғының ба...
Жүрек емес жүрегім - антеннадай
қабылдайтын әлемнің ән, мұңын да.
Ем іздеуім бекер-ақ, бұл болмысым
қанымда, тағдырымда!

# XII халықаралық Бірімжанов съезі өтті



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да химия және химиялық технология бойынша XII Халықаралық Бірімжанов съезі өтті. Ғылыми басқосуды ҚазҰУ басқарма төрағасының орынбасары-бірінші проректор міндетін атқарушы Еркін Дүйсенов ашып, ел дамуындағы химия ғылымының маңызын атап өтті.**

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің өнеркәсіптік және экономикалық өркендеуінің іргетасы болып қаланған химия ғылымын дамыту қажеттілігіне баса назар аударып келеді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да озық зерттеулер жүргізу үшін, оның ішінде химия саласында барлық жағдайлар жасалған. 2024 жылдың маусым айында химия және химиялық технология факультетінде алдыңғы қатарлы жабдықтармен жабдықталған 9 заманауи зертхананы қамтитын Farabi Chem Science заманауи кластері ашылды. Қолданбалы химия тұрақты даму үшін жаңа материалдар, технологиялар мен шешімдер жасауға жол ашады», - деді Еркін Ерманұлы.




ҚазҰУ түлегі, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі химия өнеркәсібі басқармасының басшысы Азамат Қален өз сөзінде қазіргі таңда өндіріс және химия саласын білікті кадрларсыз алға жылжымайды деген пікір білдірді. Осы бағытта тиісті министрлік ҚазҰУ-ға мамандар даярлау ісінде қолдау көрсете отырып, білікті кадрлармен химия өнеркәсібін қамтамасыз етуге әзір екенін білдірді.

Қазақстан-Америка Еркін университетінің президенті Ережеп Мәмбетқазиев шараға арнайы жолдаған құттықтау хатында «Бүгінде Қазақстан іскерлік, өркениетті әлемге сенімді түрде енуде. Бұл тәуелсіз Республиканың білімі мен ғылымына елеулі үлес қосқан ҚазҰУ түлектерінің елеулі еңбегі. Болашақта Қазақстан-Америка Еркін университетінің базасында химиктердің келесі форумын ұйымдастыруға дайынмын» деп атап өтті.

Химия ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА корреспондент-мүшесі Батырбек Бірімжанов табиғи тұз, пайдалану жолы, тыңайтқыштар химиясы, құрлықтық тұз түзілу теориясы, Қаратау және Ақтөбе фосфориттерінен концентрленген тыңайтқыш алу технологиясын



зерттеген. Ғалымның зерттеулері фосфор және бор қышқылдарын тазартуды ұсына отырып, күрделі тұздарды синтездеу, шахта пештерінде күкіртті натрий өндіру әдістерінің өндірістегі тиімділігімен ерекшеленеді. Осы орайда Батырбек Бірімжанов атындағы қазақстандық химия қоғамының төрағасы, академик, форумның бастамашыларының бірі Мұхамбетқали Бүркітбаев пленарлық отырыстың ашылуында химия ғылымы, білім беру және өнеркәсіп саласындағы жетістіктерді тілге тиек етті. Ғалымның пікірінше, сарқылмайтын шикізат ресурстарының мүмкіндіктерін, елдің әлеуетін толық пайдалану үшін нақты шешімдер әзірлеп, ғылым, білім және өнеркәсіп алдында тұрған міндеттерді анықтау өте маңызды.

Пленарлық сессияда «Жану мәселелері институтының» ғылыми жетекшісі, Бірімжанов съезінің бастамашысы Зулхаир Мансұров, Назарбаев университетінің өнеркәсіп пен өзара іс-қимыл жөніндегі вице-провост Жұмабай Бәкенов және қазіргі кездегі жоғары ұлттық химия мектебінің (ENSCR) өкілі Сильвен Жиров баяндама жасады.

Шара аясында «Химия өнеркәсібі үшін кадрларды даярлау» панельдік жиыны, «Индустрия және университет», «Зерттеулерді коммерцияландыру: ғылымды бизнеске айналдыру», «Химия және химиялық технологиядағы жасанды интеллект және цифрлық технологиялар», «Химияны оқытудың сын-қатерлері: жаңа стратегиялар», «Фармацевтика саласындағы жаңа трендтер» тақырыбындағы семинарлар, бос орындар жәрмеңкесі мен өндірістік компаниялар көрмесі жалғасып жатыр.

Шараны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, С.Өтебаев атындағы Мұнай және газ университеті, KAZХИМИЯ химия өнеркәсібі қауымдастығы, Мұнай-газ-химия өнімдерін өндірушілер мен тұтынушылар қауымдастығы бірлесіп ұйымдастырды.

**Дәстүрлі халықаралық шараға әлемнің түкпір-түкпірінен химия саласының білікті ғалымдары, сарапшылар мен жас зерттеушілер, бизнес және өнеркәсіп саласының 250-ден астам өкілдері жиналды.**

**Egemen Qazaqstan**
**egemen.kz**






# Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ортақ жауапкершілік болуы керек

### Оқу-ағарту министрі ата-аналармен кездесуде тәрбиеге басымдық берді

Ғани Бейсембаев ата-аналар комитетінің өкілдеріне арналған «Балалардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігі: ата-ана мен мектептің бірлескен жауапкершілігі» семинар-тренингіне қатысты. Оған еліміздің барлық өңірінен 500-ге жуық ата-ана жиналды.

Министр ата-аналарды балалардың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуге шақырды және ата-ана мен мектептің ынтымақтастығын арттыру, ата-аналар комитеттерінің рөлін нығайтудың маңыздылығына тоқталды.

«Балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде ортақ жауапкершілік болуы керек - бұл біз ұмтылуымыз керек негізгі құндылық. Ол ең алдымен ата-ананың басты жауапкершілігінде, мемлекет пен мектеп тарапынан оларға қолдау көрсетіп, әрбір баланың жан-жақты дамуына жағдай жасауда. Тәрбие отбасынан басталатынын есте ұстаған жөн. Ата-ана ұстазға деген құрметтің үлгісін көрсетуі керек, өйткені бала ата-анасының айнасы», – деді Ғани Бейсембаев.

Оның айтуынша, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтарын қорғау, олардың дамуына қолайлы жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың ең маңызды басымдығы. Бұл бағытта ауқымды шаралар атқарылуда. Бес жылда елімізде 1 млн оқушы орнына арналған 1 мыңнан астам мектеп ашылды. Алғаш рет өткен жылдан бастап 1,7 миллионнан астам бастауыш сынып оқушылары мен әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балалар тегін тамақпен қамтылды.

«Мемлекет балалар үшін қауіпсіз және эргономикалық білім ортасын құруды жалғастыруда. Бұл ретте Мемлекет басшысының бастамасымен қалалар мен шалғайдағы ауылдарды да қамтитын «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы іске асырылуда. Өткен жылдан бастап барлық білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізіліп, оның аясында балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттілігін арттыруға, позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыруға бағытталған Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары ашылды», – деп атап өтті министр.

Бұл семинар-тренинг «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұйымдастырылды. Тәрбие жұмысы бойынша негізгі төрт тақырыпқа бөлінген дискуссиялық алаңдар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар қазақстандық суретші Аңсаған Мұстафаның тақырыптық көрмесі өтіп, ата-аналарға қазіргі заман жағдайында балалармен эмоционалды байланыс орнату тәсілдері, жанжалдарды еңсеру және отбасы мен мектепте сенімді атмосфера құру бойынша әдістемелік құралдар ұсынылды.

**ОАМ ресми сайтынан.**

# БЕТАШАР

## – ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енді

Қазақ халқының ежелден келе жатқан салт-дәстүрінің - беташар ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының Репрезентативтік тізіміне енді, деп хабарлайды Qazaqstan tarihy порталы.

Бұл туралы Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин өзінің facebook-парақшасында жазды.

Жаңа ғана Парагвай астанасы Асунсьонда ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау комитетінің отырысында қазақтың ежелгі салттарының бірі Беташар Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының Репрезентативтік тізіміне енгізілді, – деді ол.

Беташар – қазақтың келін түсіргенде жасалатын салтының бірі. Жаңа түскен келіннің бетін ашып, көпшілікке таныстыру - халқымыздың құрметтейтін, ежелден келе жатқан дәстүрі. Жаңа түскен келінді шымылдық ішінде басына орамал тағып отырғызып, жақын қыз-келіншектерден өзге ешкімді кіргізбейді. Ертеңіне шымылдық ішінде отырған жас келіннің басын, бетін көрсетпей, орамал жауып, екі жағынан екі абысыны сүйеп алып шығады. Келіннің бетін ашуға арнайы келген ақын келінге ата-енесін, үй-ішін, толықтай жырға қосып таныстырып шығады. Олардың беделін маржан жырмен айта отырып, олардың әрқайсысына жекелей сәлем салғызған. Қандай болмасын, беташардағы өлең шумақтары халықтың өнегесінен, әдеп-құрпынан көрініс беретіні де шындық.

Бүгінгі күні де беташар жыры әр жерде әртүрлі айтылады. Бір қызығы, сіз бен біз көп жағдайда беташардың той үстінде орындалатынының куәсі болып жүрміз. Өткенге көз жүгіртер болсақ, келіннің бетін өз туған ата-анасының көзінше ашатынын қай жерден көреміз? Ол аздай, бүгінгінің беташарында келіннің бетін орамалмен емес, тормен ғана бедерленген, қай жағынан қарасаңыз да, барлығы анық көрінетін фатамен жамылып шығатын кездер де аз емес. «Беташар» деген сөздің мән-мағынасына барлап көріңізші?! Жас келіннің бетіне ақ орамал жабылғандықтан, ақын домбырасымен ашқанда ғана жиналған туыс-туған келіннің жүзін көру керек. Сол себептен бұл дәстүр «беташар» аталады. Онда бүгінгінің беташарына қандай атау берсек жарасады?.. Жалпы, мұндай салт-жоралғы бізде болған ба? Жоғарыда айтқанымыздай, беташар дәстүрі әр жерде әрқалай орындалатынын ескерсек, қайсысы біздің ұлттық санамызға сәйкес, мәдениетіміздің айнасы бола алады? Барлығымыз да қыз ұзатып, келін түсіріп, ұлан-асыр той өткізіп жатырмыз. Тек оның қандай деңгейде өту керектігін ойлап, бас қатырып жүріп, қалай өту керектігін естен шығарып жатамыз. Мұныңыз бұрыс десек, «ол оңтүстікте солай өтеді» деп реніш білдіретін кездер де жоқ емес. Дәстүрімізді сақтап, көзінің қарашығындай көріп отырған оңтүстік халқына кейде көзқарасымыз да өзгеше өрбиді. Олардың әдет-ғұрпы деп бөлетін



салт-дәстүр біздікі емес пе? Әлде атам қазақ дәстүріміз жер-жерде әртүрлі болсын деген бе екен? Жер-жерге бөлінетіндей салт-дәстүріміз, мәдениетіміз тіл білімінде қарастырылатын «диалект» болғаны ма? Олай болса, әрбір жердің жергілікті тұрғындары әр халық болып кеткені ме? Біз ешқашанда бөлінбеген, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын батыр халықтың ұрпағы емес пе едік?! Әдет-ғұрыптарымызды берік ұстанып, дәстүріміздің сабақтастығын үзбей келе жатқан, қызына қырық үйден тыю айтып, келіннің жүріс-тұрысына ерекше мән беретін қазақ деген халықпыз ғой! Қаймағы бұзылмаған халқымыздың дәстүрін бүгін қалпын бұзып алсақ, ертеңгі күніміздің елесі бұлыңғыр болмақ. Әрбір отбасы өз үйінен салт-дәстүрімізді ұстанар болса ғана, қазақ деген халықтың ұрпағы екенімізді мақтанышпен айта аламыз.

«Беташар» деген қасиетті ұғымның қадіріне же-те білейік! Келіннің әр қадамынан ұрпағымыздың болашағы айқындалмақ!

**Автор: E-history.kz**






# Жас мергендер садақ атудан бақ сынады

**Алматы қаласында «NASR Club садақ ату клубында» «Deshti Qypchaq - Дешті Қыпшақ» дәстүрлі садақ ату Федерациясының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай жасөспірімдер арасында садақ атудан ашық турнир өтті.**

**Турнирге 7 клубтан 50-ден астам жас мергендер қатысып, 48 медаль сарапқа салынды.**

Алматы облысы «Мергендер ордасы» дәстүрлі садақ ату федерациясының Президенті Абаған Мухтархан жарыстың ашылуында құттықтау сөз сөйлеп, жас мергендерге сәттілік тіледі.

Жарысқа сақадай сай келген балалардың ата-аналары да уақытын өзіне қажет емес, санасын баурап алатын смартфондағы қажетсіз дүниелерге бөлгеннен гөрі садақ ату клубына келіп, белгілі бір нәтижеге жеткеніне өкінбейтіндіктерін аңғартқандай жас мергендерге қолдау білдіріп жүр. Жарыс кестесінен ұққанымыздай, федерация ұлдар мен қыздардың жас ерекшеліктеріне байланысты 7 клубқа топтастырған. Жас аралықтарына келсек, 7 мен 17 жасқа дейінгі балалар иықтарына садақтарын, қорамсақтағы жебелерін беліне байлап, жарысқа қамдана түсуде.

— Клуб жетекшілері өткен тарихымызда ерекше орын алған садақ ату – жауынгерлерге тән батырлық пен батылдықты шыңдайтын спорттың түрі екенін балаларға айтып, түсіндіреміз. «Алтын адамның» садақ, жебемен қаруланған сайыпқыран мерген болғанын Музейдегі артефакттен айқын көреміз. Міне, балаларға осындай тарихи деректерді айта отырып, әуел бастан қызықтыруға тырысамыз. Жасөспірімдерді мергендікке, төзімділікке, алған бетінен қайтпайтын қайсарлық пен жауапкершілікке баулып келеміз, - деп Федерация президенті Маликов Жукейхан Дүйсенұлы аз уақытта жеткен жетістіктерімен бөлісті.

Турнир басталып кетті. «Жауынгер», «Ержүрек», «Мерген», «Хассақ», «Қызыл жебе», «Қанмерген»










клубтарының жетекшілері Эсбердиев Жансерік, Асуат Ғайния, Қабылхан Алмат, Кәдірқұл Ақсымбат, Мейрамбекұлы Шыңғыс, Қалмурза Абдуазиз және «Deshti» федерациясының президенті Маликов Жүкейхан баптаған жас мергендер сайысқа түсіп, ұлдар мен қыздар бөлек-бөлек төрт дистанциядан сайысқа түсіп, арнайы межеге садақ тартты. Сайыс талабы бойынша 7-9 жастағы ұл-қыздар 10 метрден, 10-12 жас арасындағылар 15 метрден,13-15 жастағылар 20 метрден, ал 16-17 жастағы жасөспірімдер 25 метр қашыққа садақ тартты. Алғашқы сайыста 10 метрге садақ атудан Жукейхан Мустафа, 25 метрден Қалмурзаев Абдуали алғашқы жеңіске жетіп, I-орынға ие болды. Екеуі биылғы өткен Қазақстан Республикасы чемпионатының чемпиондары.

Алдағы 10 метрге қалқан мен жамбы атудан Кеншилик Диана – I және II орынды иеленді. Зәкір Марғұлан - 2 орын; 15 метрге қалқан және жамбы атудан Бузик Александра 3 орын жане 2 орын; Қайратұлы Әлиасқар 3 орын мен Тағай Айдана –32 орын алды. 20 метр қалқан Сейдигабпар Шахизада 3 орын; қалқан және жамбы атудан Мунарова Амина I- орын; Қайратқызы Әмина мен Кеншилик Бекежан – 2 мен 3 орынды, 25 метрге қалкан жамбы Кайназар Зере 1 орынды еншіледі. 25 метрге қалқан мен жамбыдан – 2; Жұман Жасулан – 3-орын, Қалқан Берліқожа Мұстафа, Сейітбек Ермұрат, Ерланқызы Зере, Сұлтанбек Нұрасыл, Ерлан Білал, Олжабай Марьям, Жамбы атудан Сұлтанбек Қайсар, Ерғазы Елмұрат, Тоқсанбай Оэлун, Мұхтар Нариман турнирдің I,II,III орындарына ие болып, жүлдегер атанды. Расулқызы Раяна мен Бағдат Мәруа 2 - орын алды.

Алматы қаласындағы №5 мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт-техникалық мектебінің классикалық садақ атудан КСРО еңбек сіңірген жаттықтырушысы Вебер Виктор Викторовичтің шәкірттері қатысып, шеберліктерін көрсетті. Мектеп директоры Горун Евгений Александрович. Ашық турнирге қаладағы №127 мектептің оқушылары қатысты. Жас садақ атушылар жарысына Федерация клубының жетекшілері мен сараптама төреші Елекеева Алима қазылық етті.

**Ж.Кучукова,**
**«Farabi shakirti» журналы мен**
**www.farabishakirti.kz сайтының бас редакторы**






# Тәуелсіздікті сақтаудағы жастардың рөлі

Тәуелсіздік – қазақ халқының бостандыққа, еркіндікке ұмтылғандағы еңбегінің жемісі. «Тәуелсіздік» сөзінде ата-бабамыздың қанша көз жасы, төккен қаны мен тері, жаны мен ары жатыр десеңізші?! Керей мен Жәнібек хандарымыздың бастаған жолын Д.Қонаев, А.Байтұрсынұлы секілді ұлы тұлғаларымыз жалғастырды. Тәуелсіздікті алғанымыз тек бір адамның арқасы деп айта алмаймыз, себебі оған 1465 жылдан бергі хандардың, ақын-жыраулардың үлесі орасан зор. Ата-бабаларымыздың еш қиындыққа берілмеуінің басты себебі – тәуелсіз ел болу. Жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды», «Желтоқсан оқиғасы», аштық, соғыстардан және т.б. оқиғаларды бастан өткізіп, сонда да тәуелсіздігіміз үшін жанын берген батырларымыз қанша? Ленинград үшін шайқаста мерген қыз – Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова аға сержант, пулеметші қыз ерекше көзге түсті, тарихта із бен ізгілік, үлгі мен өнеге қалдыра білді.



1991 жылы КСРО ыдырап, құрамындағы елдер тәуелсіздік ала бастады. 16 желтоқсанда Қазақстан КСРО құрамындағы елдерден соңғы болып «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заңды қабылдады.

Тәуелсіздікке жастар өзінің әсерін тигізе ала ма, сіз қалай ойлайсыз? Біз, заманауи жастар, тарихтағы баба мен батырдың қаны мен жанын пида етіп, алып берген тәуелсіздікті сақтап қала ала аламыз ба? Мағжан Жұмабаев атамыздың өскелең ұрпаққа насихат, аманат ретінде жазған «Мен жастарға сенемін» өлеңі бұған дәлел. Мағжан атамыз бізге сенім арта отырып, бар үмітін шығармаларында насихаттайды. Жастар тәуелсіздікті сақтап қоймай, елімізді басқа ел мен мемлекеттерге білім, ғылым, мәдениет, өркениет, спорт, т.б. сала мен бағыттарда таныта, мойындата алу керек деп ойлаймын. Мысалы, Димаш Құдайберген, Геннадий Головкин, Садраддин Болат, т.б. жас әншілеріміз, спортшыларымыз елімізді әлемге танытып, көрсетіп, мойындатып жүр. Ал қазір робототехника саласы жастар арасында үлкен сұранысқа ие және қарқынды дамуда.

Біздің Абай атындағы РММИ мектеп-интернатымызда оқушылар арасынан құралған «Antares» деген команда робототехника бағыты бойынша алыс және жақын шетелдерге барып, жарыстарға қатысып, жүлделі орындар мен марапаттарды иеленіп, мерзімді басылымдар, телеарналарға шығып, сұқбат беріп жүр. Бұл – біз үшін үлкен жетістік, қуаныш.

**САТТЫБАЕВА Еркенур,**
**Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының 11-сынып оқушысы**

# Тәуелсіздік – ұлт рухының тұғыры

Тәуелсіздік – бұл тек мемлекеттің дербестігі ғана емес, сонымен бірге әрбір азаматтың еркіндігі, ұлттық сана-сезімнің жаңғыруы. Бұл күн – халқымыздың ғасырлар бойғы арман-мақсаттарының жүзеге асқан күні. Бүгінгі Тәуелсіздік – еліміздің еркіндігі мен ұлттық бірлігінің символы. Біз үшін бұл күннің маңызы ерекше, өйткені Тәуелсіздік – өткеніміздің рухы, болашағымыздың кепілі.



Тәуелсіздікті алу үшін халқымыз талай қиыншылықты бастан өткерді, талай ұлы тұлғаларымыз өз өмірін құрбан етті. Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов: «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген еді. Осы сөздер Тәуелсіздікке жету үшін ұлттық болмысты сақтап, оның рухын жоғалтпауымыз керек екенін еске салады. Әрбір ұрпақ өз тарихын, өз мәдениетін қадірлеп, осы Тәуелсіздіктің құндылықтарын сақтауы тиіс.

Дана Абай сөзімен айтсақ: «Өзіңді таны, ұлтыңды таны». Тәуелсіздік – бұл өзімізді тану, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызға деген құрмет пен сүйіспеншілік. Оған қол жеткізу тек мемлекет деңгейінде емес, әрбір азаматтың жүрегінде тұратын ұлы рух болуы тиіс.

Тәуелсіздік күнінде біз біртұтас ел ретінде өзіміздің еркіндігімізді, өз жолымызды таңдауға құқығымыз бар екенімізді, және осы күннің әрбір сәтін қадірлеуіміз керектігін еске аламыз.

Тәуелсіздік – бұл тек тәуелсіз мемлекет емес, сонымен қатар, тәуелсіз ой, тәуелсіз рух, тәуелсіз болашақ!

**ҒАНИҚЫЗЫ Дәрия,**
**Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-интернатының 10-сынып оқушысы.**



# Мемлекет басшысы алты жасар әлем чемпионын құттықтады

**Абу-Даби қаласында джиу-джитсудан өткен әлем біріншілігінде 11:0 есебімен таза жеңіске жетіп, әлем чемпионы атанды.**

– Бүгін зор қуанышпен джиу-джитсудан әлем чемпионы атанған 6 жасар Хадия Кунаевамен кездесіп, Мемлекет басшысының атынан құттықтау хаты мен сыйлық табыстап, жеңісімен құттықтадым, - деп жазды Павлодар облысының әкімі Байханов Асайын Куандықұлы Instagram парақшасында.

Жерлесіміз Абу-Даби қаласында джиу-джитсудан өткен әлем біріншілігінде 11:0 есебімен таза жеңіске жетіп, әлемге Қазақстанның өскелең ұрпағының рухы мен талантын көрсете білді.

Жастайынан осындай жоғары жетістіктерге жету – бұл табанды еңбектің нәтижесі. Жас спортшыны өзінің әкесі, жаттықтырушы, спортшы, «Sam Team» клубының негізін қалаушы Самат Кунаев жаттықтырады. Бір қызығы, әкесінің спортпен шұғылдануына омыртқа ауруы себеп болған және табанды жаттығулардың арқасында денсаулығын қалпына келтірген. Әкенің үлгісі балаларын шабыттандырып, бүгінде олардың барлығы спорт шеберлері.

Жеті баласының алтауы жекпе-жекпен айналысатын отбасы - спорттық тәрбиенің, тәртіптің және отбасылық құндылықтардың үлгісі. Хадияның алтын медалі - бұл сіздің отбасыңыздың ғана емес, бүкіл еліміздің мақтанышы.

Хадияға және жақындарына мықты денсаулық, жаңа жеңістер мен жетістіктер тілеймін!

**Асайын Байхановтың парақшасынан.**
**Сурет видеодан алынды.**

# Менің алғашқы жеңісім...

Менің армандарым өте көп. Соның бірі – көркем гимнастикадан чемпион болу. Бір жарым жылдан бері таңғы ұйқымды қиып, күннің суығы мен ыстығына қарамастан жаттығудан қалмауға тырысамын. Қазіргі уақытта сабақтан кейін жаттығу залына асығып тұрамын.

Менің атам да өз заманында чемпион болған екен. Жақсылық Үшкемпіров сияқты тағы басқа мықты чемпиондармен алаңға шығып, өзінің мықты екенін дәлелдепті. Менде атамның жолын қуып, чемпион болғым келеді.

Бір жарым жыл дайындықтан кейін алғаш рет 23 қараша күні «Aisulu Cup» атты ашық чемпионатқа қатыстым. Нәтижесінде II орын алып, күміс жүлдегер атандым. Бұл менің жетістік жолындағы алғашқы қадамым.




**Томирис СЕРІКҒАЛИ,**
**Алматы қаласы, Наурызбай ауданы,**
**176 мектеп-гимназияның**
**1 «Г» сынып оқушысы**

# Тәуелсіздіктің ақ таңы




1991 жылы 16 желтоқсан күні қазақ халқының ғасырлар бойғы арманы орындалып, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік таңы атқан ұлы тарихи күн болды. Бұл күн – қазақ халқының сан ғасырлар бойғы арманының орындалған сәті, арманы.

Тәуелсіздікке жету оңай болған жоқ. Қазақ халқы жоңғар шапқыншылығы, патшалық Ресейдің отаршыл саясаты, кеңестік тоталитаризм және ХХ ғасырдың алапат ашаршылықтары сияқты ауыр сынақтарды бастан кешірді. 1930 жылдардағы аштықта миллиондаған қазақ қырылып, халықтың жартысына жуығы көз жұмды. Отаршылдық дәуірде қазақтың жері тартып алынып, мәдениеті мен тілі тұншықтырылды.

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі тәуелсіздікке апарар жолдағы ең соңғы шешуші оқиғалардың бірі болды. Қазақ жастары алаңға шығып, өз елінің болашағы үшін жан аямай күресті. Сол көтеріліс қатысушыларына тағылған «ұлтшыл» айыбы мен сол кездегі биліктің қатігездігі халық жадында мәңгі қалды.

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, одақ құрамындағы мемлекеттер өз егемендігін жариялай бастады. Сол жылдың 16 желтоқсанында еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде тарих сахнасына шықты.

Ескере кететіні, Қазақстан КСРО құрамындағы елдердің арасында ең соңғысы болып Тәуелсіздігі туралы заңды қабылдады. Еліміздің Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып әлемнің бірінші дамыған державасы саналатын АҚШ мойындап, артынша Қытай, Ұлыбритания, Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран мемлекеттері мойындады. Иран еліміздің тәуелсіздігін мойындаған мұсылман елдері ішінде алғашқысы болды.

Тәуелсіздіктің арқасында Қазақстан экономикасы дамып, әлеуметтік және саяси салаларда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Отанымыздың бейбітшілік пен бірлікке негізделген саясаты жаһандық аренада беделін арттырды. Еліміздегі Астана, Алматы, Шымкент сияқты әсем қалалар әлемдік стандарттарға сай дамып, заманауи мегаполиске айналды. Сонымен қатар, білім мен ғылым саласында тың серпілістер жасалды: беделді университеттер мен ғылыми зерттеу орталықтары құрылды. Денсаулық сақтау саласында жаңа технологиялар мен заманауи емдеу әдістері енгізілді, ал спортшыларымыз әлемдік аренада ел намысын абыроймен қорғап келеді. Қазіргі таңда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропалық Одақ, Халықаралық Валюта Қоры және ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдардың толық құқылы және белсенді мүшесі болып отыр. Еліміз ядролық қарудан бас тарту арқылы жаһандық қауіпсіздікке үлес қосты, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) құру бастамасын көтерді.

Елдің егемендігін сақтап қалу – біздің, жас ұрпақтың қолында, еншісінде.

**ТҰРЛЫБАЙ Нұртілеу,**
**Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының 11-сынып оқушысы. Алматы**





3-сынып оқушысы, Өтеген Інжу.

# МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ОҚУШЫЛАРҒА ҮЙРЕТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Саналы адамның дұрыс ойлауы мен дұрыс сөйлеуі - бала жастағы біліміне байланысты. Дұрыс ойлану дегеніміз - қоршаған ортаны қабілетіне қабылдау. Қабылдау үшін туғаннан бала үшін сөздің рөлі ерекше. Сөз - ең басты адамды жетілдіретін құнды дүние. Сөз арқылы ой дамиды, қабілет ұшталады. Қабілет - әр оқушыда әр қилы. Қабілет дамымаса, балада үлкен тоқырау пайда болады. Мүлдем қабілетсіз оқушы жоқ.

Қазіргі таңда оқушылардың ойлау жүйесін дамыту үшін мақал-мәтелдерді үйрету өте өзекті. Жаңа заман ойы ұшқырлығын қажет етеді. Уақытпен сай күнделікті өмірімізге жасанды интелект ене бастады. Бала зейінін арттыру үшін жасанды интелект көмегімен жасалған суреттер мен жапсырма қағаздарды қолдану өз тиімділігін дәлелдеуде. Өз тәжірбиемде отан туралы мақал-мәтелдерді жасанды интелект құралдары арқылы үйретуге басымдық берген болатынмын. Бір айдың ішінде оқушылар жүзге жуық мақал-мәтелді жаттап үлгерді. Жылдам ойлану мен жаттау қабілеті арта түсті.

Бұл тәжірбием арқылы жаңа интелект көмегін жүйелі пайдалану баланың көру қабілетімен есте сақтауы жеделдейтіні айқындалды. Бірнеше оқушымның өз ойынан тақпақ жаза алатын қабілеті ашылды. Көзбен қабылданған ақпарат санада ұзақ сақталатыны айқын. Балалар отан тақырыбындағы сабақтарда өз ойларын мақалмен көркемдеп жеткізетін дәрежеге жетуі олардың болашақта өз қабілеттерін бұдан ары да дамыта түсуге мүмкіндік береді.

Әрі баланың жаңа технологияны қолдану машықтарын игеруіне сеп. Белгілі мақал негізінде берілген суреттер ойлау жүйесін дамытып қана қоймайды, олардың суреттегі бейнелерге қатысты сөйлем құрауына жағдай жасайды. Мақал - мәтелді бала жастан үйрену дегеніміз - отаншылдық және адамдық қадір-қасиеттерді бойға сіңірудің ең төте жолы. Мақал мен мәтелді жадыға тоқу арқылы қоршаған ортаны тануға, сөздік қорларын, сөйлеу дағдыларын толық қалыптастыруға болады.

**Марина МУДЖАЛАЛИ,**
**Олег Кошевой шағын жалпы білім беретін білім мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі.**
**Түлкібас ауданы, Түркістан облысы**

## КҮЗ КЕЛДІ



Күз келді қуантып,
Дихандар егісте.
Білімге құмарлық,
Бастайды өрлікке.
Ұстазым - ақылшым,
Білім мен өнерге баулыған.
Әкешім-анашым,
Дихан боп қарнымды
тойдырған.
Күз келді ерекше биыл,
Қуаныш мектепке асықтық.
Егін басында атам жүр,
Болсын деп елде тыныштық.

**АСИЛХАН Дидар, 3-сынып оқушысы.**
**Сынып жетекшісі:**
**Муджалали Марина Аскеровна.**

# Болашақ журналистер білетін негізгі қағида



***Журналистика мамандығына түспес бұрын осы салада универ қабырғасында ягни журналистика мамандығында қандай пән оқитынымыз өте қызық болды және ең қызығы бұл журналистика пәні болды. Ендігі болашақ журналистика мамандығына түсетін әр жас оқырмандарға да қазірден түсінікті болсын деп журналистика жанрында айтып шықсам деймін.***

Реплика, шолу, саяси портрет, фельетон, және суреттеме жанрлары журналистиканың маңызды құрамдас бөліктері болып табылады. Міне, олардың әрқайсысы туралы толық ақпарат:

1. Реплика – бұл қысқа әрі нақты жауап немесе пікір. Ол басқа адамның айтқан сөзіне, пікіріне немесе әрекетіне дереу берілген жауап түрінде болады. Реплика көбінесе пікірталас немесе сұхбаттарда пайдаланылады.

Негізгі сипаттамалары:

•Қысқалық және нақтылық: Реплика өзінің қысқалығымен және нақты мазмұнымен ерекшеленеді.

•Тікелей жауап: Бір адамның немесе топтың пікіріне немесе іс-әрекетіне дереу айтылған жауап болып табылады.

•Пікірталасқа қатысу: Реплика көбінесе пікірталас немесе талқылау барысында қолданылады. Мысал: егер бір саясаткер экономикалық реформалар туралы айтса, оған басқа саясаткер қарсылық білдіріп, қысқа әрі нақты пікір (реплика) айта алады.

2. Шолу – белгілі бір тақырып, мәселе немесе оқиға туралы жан-жақты талдау жасау. Шолу материалында автор мәселені түрлі қырынан қарастырып, жалпы қорытынды немесе пікір ұсынады. Негізгі сипаттамалары:

•Толық қамту: Шолу жанрында белгілі бір тақырып немесе мәселе тереңінен қарастырылады.

•Әртүрлі көзқарастар: Автор көпшілік пікірлер мен деректерді салыстыра отырып, жалпы көрініс береді.

•Талдау мен салыстыру: Шолу жазғанда оқиғалар мен фактілер салыстырылады, және әртүрлі көзқарастар мен тұжырымдар ұсынылады. Мысал: Экономикалық дағдарыс туралы шолу, онда сарапшылардың пікірлері, статистика



және болжамдар беріледі.

3. Саяси портрет – белгілі бір саяси тұлғаның немесе қайраткердің бейнесін ашып көрсету. Бұл жанрда адамның саяси көзқарастары, оның өмір жолы, қоғамдағы орны және әрекеттері талданады. Негізгі сипаттамалары:

•Тұлғаның толық бейнесі: Саяси портретте адамның өмірі, саяси қызметі, көзқарастары мен жеке қасиеттері кеңінен ашылады.

•Талдау және контекст: Автор сол тұлғаның саяси қызметі мен қоғамдағы орнына талдау жасап, оның ықпалын, шешімдерін және саяси әрекеттерін түсіндіреді.

•Объективтілік: Жанрдың басты міндеті – тұлғаны объективті түрде көрсету, бірақ кейде автордың жеке пікірлері де қосылуы мүмкін. Мысал: Президенттің саяси портреті, онда оның саяси карьерасы, шешімдері мен еліміздегі өзгерістерге әсері сипатталады.

4. Фельетон – сатиралық, өткір және юморлық жанр. Бұл жанр қоғамдағы кемшіліктерді, саясаттағы келеңсіздіктерді немесе әлеуметтік мәселелерді өткір әрі сынға алатын шығармалардан тұрады. Негізгі сипаттамалары:

•Сатиралық және юморлық: Фельетонда көбінесе қоғамның кемшіліктері әзіл-қалжың түрінде сынайды.

•Қоғамдық сын: Жанр қоғамдағы әлеуметтік, саяси немесе мәдени мәселелерді өткір әрі сын көзқараспен көрсетеді.

•Әзіл мен өткірлік: Фельетондарда қолданылатын тіл өткір, сарказм мен иронияға толы болады. Мысал: Қоғамдағы парақорлықты, бюрократияны, саяси көшбасшылардың қателіктерін фельетон түрінде әзілмен суреттеу.

5. Суреттеме – оқиғаны немесе құбылысты жан-жақты әрі көркем түрде сипаттайтын жанр. Бұл жанрда автор нақты бір оқиға немесе жағдайды егжей-тегжейлі суреттеп, оқырманға оның атмосферасын жеткізеді. Негізгі сипаттамалары:

•Көркемдік стиль: Суреттеме көбінесе әдеби тілмен жазылады, автор оқиғаға тән сезімдер мен көріністерді суреттейді.

•Жан-жақты сипаттау: Оқиға немесе адам бірнеше қырынан, әртүрлі аспектілерде сипатталады.

•Эмоционалдық әсер: Суреттеме оқырманға терең эмоционалдық әсер етуге тырысады. Мысал: Туған жердің табиғатын, ауыл өмірін немесе белгілі бір адамдардың мінез-құлқын жан-жақты суреттеу.

Бұл жанрлардың журналистика саласына берер қызметі өте көп. Әрі әр студент осы қағидаттарды қолдану арқылы өз жұмыстарын әрі қарай қыздыруына болады. Журналистика жанрларының әрқайсысы өзінің ерекше мақсатын көздейді және ақпаратты түрлі формада, стильде, және контекссте жеткізуді қамтамасыз етеді. Реплика, шолу, саяси портрет, фельетон, және суреттеме – осы жанрлардың әрқайсысы қоғамды, адамдарды және оқиғаларды өз әдісінше сипаттап, талдайды, оқырмандарға неғұрлым толық және қызықты ақпарат ұсынуға бағытталған.

**БИСЕМБАЕВА Гульнасип**
**«Тұран»университеті «Журналистика» факультетінің 2 курс студенті.**



# Тәуелсіздік - тарихымыздың тұғыры

**Қоғамдық көлікте отырсам, көзіме Қазақстан Республикасының туы түсті. Көптен бері қала ішінен бұндай керемет көріністі бірінші көруім. Алда 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні жақындап келеді. Бірден қолыма ұялы байланыс құралымды алып жаза бастадым.**

«Еркіндігім.
Қасиеттім.
Қастерлім.
Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!
Кеше сенің келбетіңді арман ғып,
Боданына бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің!»- деп ақын Қалқаман Сарин айтпақшы, тәуелсіздік бізге тосыннан келген сый емес. Тәуелсіздік - талай бабаның қанын төгіп, талай ананы зарлатып, аға-әпкелерімізді қыршыннан қыйып келген қастерлі аманат.

«Болмасын кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл»,- деп Абай Құнанбайұлы айтқандай, олар қарабастың қамын ойламады, қара халықтың жанын ойлады. Бұл «Бірлік пен елдік» - деп аталады. Ал, қазіргі заманнан осындай көрініс көре аламыз ба? Жоқ емес, жай ғана сирек кездеседі. Кейбірі тек алдамшы, көзге жақсы болып көрінсе, кейбіреулер ел үшін барлығына дайын. Көзге жақсы болып көрінгісі келетіндер уақыт өте осы әрекетінің бұрыс екенін түсінер. Ал, ұлтқа қызмет етемін деген жандардың жолы әрдайым ашық болмақ.

Тәуелсіздікті сақтау үшін тарихты білу керек пе? «Тарих-бізге түзу жол көрсетуші»,-деп Әлихан Нұрмұхамедұлы бекер айтпаса керек. Тарихта біз білетін, білмейтін қаншама құпия сырлар, біз көрмеген оқиғалар көп. Солардың барлығы бізге сабақ болуы керек. Сабақ болу үйрену, оқу емес. Жай ғана қарап тұрып, сол қателіктерді қайталамау. Қателік-ол қалыпты жағдай. Сондықтан, тарихты кінәлаудың да қажеті жоқ. Жай ғана сол олқылықтарды болашақ ұрпаққа жеткізбеу.

Болашақ-жастардың қолында, адам болашағын өзі құрастырады деп жатамыз. Бірақ, біз тек өзіміздің болашағымызды емес, барша ұлттың болашағын да ойлауға міндеттіміз. Қоғамда ондай жас өрендер жоқ емес. Оған дәлел: қазір Қазақстанның жастары әлемдік аренада ойып тұрып орын алатындай дәрежеге көтеріліп келе жатыр. Ол мейлі спорт саласы болсын, мейлі өнер яки ғылым саласы болсын нағыз талантылар өз биігінде.

Осылай деп жан-жағыма қарасам ұзақ болып көрінген жолға сүт пісірім уақытта жетіп қалыппын. Ұлтқа қызмет ету-сөз емес іс...



**КОПТЛЕУОВА Гульшат**
**Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-интернатының 10-сынып оқушысы.**

**Алматы қаласы, Сурет:Aiqara .kz**



# Ибн Синаның этика ілімі: Еркіндік пен әділеттілік

**Жылысбаев Жұман Дүйсебайұлы –**
**Еуразия технологиялық университеті, «Білім беру технологиялар» мектебінің философия пәнінің оқытушысы.**
**Әбдірашит Бәкірұлы   философ публицист.**

Өз заманының ұлы ойшылы Әбу Әли ибн Сина (980 1037 жж) Орталық Азияның көне қаласы Бұқарадан шыққан тұлға. Ол тек медицинада ғана емес, философияда да айшықты із қалдырған данышпан. Аты әлемдік философияның дамуына үлкен үлес қосқан ғұламалар қатарында тарихқа енген. Бұл мақалада ойшылдың «Этика туралы» трактатына шолу жасадық. Мақалада Ибн Сина этикасына қазіргі заман бейнесімен салыстармалы түрде талдау мақсаты көзделді.

Біз неліктен тарихымыздан ойып орын алатын әл Фараби, ибн Сина еңбектеріне назар салып отыруымыз керек? Оның терең мәнісі мынада: «Ғалымның хаты өлмейді» деп Абай айтқандай, әр кездері заман түрленіп отырғанымен адамзаттың жүріп откен жолында өзгермейтін рухани-адамгершілік қағидалар болады. Бұл қағидалар адамзат дамуының күре тамыры бола отырып, замандар алмасып жатса да, адамның адами қалыптан тыс кетпеуін қадағалайтын, заманға жол көрсететін ақиқат ретінде қабылданады. Ал, ол «ақиқатты» тудырушы өз заманының алып тұлғалар екендігі түсінікті. Әрине, әр халықтарда «жол көрсетер» тұлғалар болуы заңды. Мысалы, Қытай елі Конфуцийдің салған жолымен, АҚШ – Дж.Вашингтон жолымен, Үнді елі Джавахарлал Неру жолымен келе жатса, Қазақ Елінің де бүгінде Әл Фараби мен Ибн Сина сынды және басқа даналарының даналық жолымен жүруі табиғи заңдылық. Бұрынғы дана ғұламалар салған жол   ізгіліктің анық жолы десек қателеспейміз...

## ИБН  СИНАНЫҢ ІЗГІ ЖОЛЫ

1. Кімде-кім өзін тануға ұмтылса, өзіндегі ізгі қасиеттер мен оған жету жолдарын білгісі келсе, солардың көмегімен өз бойындағы қателіктер мен кемшіліктерден арылуға ұмтылар болса – ол, әуелі тек қана жақсы жүріс-тұрысты қалап алар еді (Әлемдік философиялық мұра. Әл Фараби мен Ибн Сина философиясы. «Этика туралы» трактат /1/. Алматы. «Жазушы» баспасы, 2005. 546-б.).

Байқасақ, Ибн Синаның Этика ілімі осы сөздерден басталады екен. Себебі, этика дегеніміз адам бойындағы ізгі қасиеттерді зерттейтін ілім болғандықтан   оның басты мақсаты да адамгершілік пен ізгіліктің қалыптасу жолдарын көрсету. «Осы жолда - дейді ибн Сина: - Адамдар арнаулы ғылымдардың көмегімен өзінің теориялық күшін, яғни – білім күшін жетілдіруі керек. Сонымен бірге даналықтың және пәктілік пен батылдық (жігер) арқасында өзінің іс-әрекет күшін (практикалық) жетілдіруі қажет» (Сонда. 546-б.).

Бұл мәтінде біз мына нәрсеге назар аударамыз: Қазіргі

заманда, әсіресе, қазақ қоғамында «жақсы мен жаман, мейірімділік пен зұлымдық тәрбиеден туады» деген түсінік орныққан. Сондықтан, ұлттық тәрбиенің әлсіреуі, не болмаса, кері кетуі ұрпақтар арасындағы түсініспеушілікке, жақсы мен жаманның орын алмастыруына және т.т. алып келіп жатыр деген ой тудыруда. Бұл, әрине, ақиқат, шындық. Бірақ, Ибн Сина бұл мәселені біз ойлағаннан тереңірек қарайды. Ол, «түпкілікті нәтижеде жақсы мен жаман адамның өз еркінен туындайды» деген ойды басты орынға шығарады.

